



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

Сарапшылардың бағалауынша, ойынқұмарлыққа тәуелді адамдардың нақты саны ресми көрсеткіштен 40 есе көп болуы, яғни 400 мыңнан асуы мүмкін, — Асанәлі Сүшенов, Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының дәрігер-психотерапевті.

**Өмірдің шынайы сұлулығы
біз тәуелділік құрсауынсыз
саналы әрі еркін өмір
сүргенімізде ашылады!**

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

Амуртаева Динара Талғатқызы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының арнайы заң пәндері кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты.

Қарымсақова Әсел Серікқазықызы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, педагогика және психология магистрі.



ЛУДОМАНИЯ:

**Құмар ойындарға
тәуелділіктен құқықтық
жауапкершілікке дейін**

ЛУДОМАНИЯ: ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН ЖАСЫРЫН ҚАУІП

Лудомания – адамның өз мінез-құлқын бақылау қабілетін жоғалтуына әкелетін құмар ойындарға патологиялық тәуелділік.

Лудомания – мінездің әлсіздігі емес, психика мен физиология деңгейінде қалыптасатын тәуелділік.

ТӘУЕЛДІЛІК НЕГЕ ПАЙДА БОЛАДЫ

- Құмар ойындар дофаминнің – «рахаттану гормонының» бөлінуін ынталандырады
- Жылдам эмоционалдық қанағаттану сезімін береді
- Күйзелістен, мазасыздықтан және депрессиядан қашуға деген ұмтылыс
- Ұтыстарды есте сақтап, жеңілістерді елемей
- Бақылау елесі: «Қазір ұтылғанымды қайтарамын»

ЛУДОМАНИЯНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- Ойынға шамадан тыс әуестену
- Өтірік айту және сыр жасыру
- Қаржылық қиындықтар
- Көңіл күйдің күрт өзгеруі
- Әлеуметтік қарым-қатынастардың бұзылуы
- Денсаулыққа қатысты мәселелердің туындауы (физикалық белгілердің пайда болуы)

Маңызды: тәуелділік біртіндеп және байқалмай дамиды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Тәртіптік жауапкершілік:

- Құмар ойындарға қатысуға тыйым салу
- Шектеулердің бірыңғай тізіліміне енгізу
- Тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану

Әкімшілік жауапкершілік:

Құмар ойын бизнесі туралы заңнаманы бұзу.

Айыппұлдар:

- Бизнес субъектілері үшін – 300 АЕК-ке дейін
- Жеке тұлғалар үшін – 100 АЕК-ке дейін

Қылмыстық жауапкершілік:

- Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру – 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру
- Алаяқтық – 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
Лицензиялау және бақылау
саласындағы парақорлық қылмыстылық белгілерін күшейтіп, мемлекеттік бақылаудың әлсіреуіне әкеледі.